



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**
№48 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2014 жылғы 25 маусым

ҚР Ұлттық Банкі және EUROBAK
«Қазақстанның қаржылық және экономикалық жағдайы»
тақырыбына дөңгелек үстел өткізді

2014 жылғы 23 маусым

Алматы

«Қазақстанның қаржылық және экономикалық жағдайы» тақырыбында өткізілген дөңгелек үстелде банкирлер мен бизнес-қоғамдастығының өкілдері Қазақстанның қаржылық және экономикалық жағдайын талқылады. Іс-шараны ҚР Ұлттық Банкі және Қазақстанның Еуропалық Бизнес Қауымдастығы өткізді.

Кездесу барысында ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Қ.Н. Келімбетов бизнес үшін өзекті сауалдар - Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын жақсарту бойынша жұмысының шеңберінде мемлекеттің қабылдап жатқан шараларына, инфляция деңгейіне қатысты сұрақтарына жауап берді және Қазақстандағы қаржы секторын дамыту жөніндегі жоспарлары туралы баяндап берді.

Өз кезегінде, шетелдік инвесторлар мемлекеттің бизнеспен ашық әрі сындарлы сұхбат жүргізуге дайындығын көрсететін осындай кездесулерді өткізудің өзектілігін және орындылығын атап өтті, бұл, өз кезегінде, Қазақстанның инвестициялық имиджіне оң ықпал етеді.

Анықтама ретінде:

Қазақстанның Еуропалық Бизнес Қауымдастығы (ЕВРОБАК)

Қазақстанның Еуропалық Бизнес Қауымдастығы (ЕВРОБАК) 1999 жылы еуропалық компаниялардың және Еуропалық Одақ Делегациясының бастамасымен құрылған коммерциялық емес ұйым. ЕВРОБАК өз құрамында 150-ден астам компанияны біріктіріп отыр: әлемге әйгілі халықаралық, еуропалық және қазақстандық компаниялар, Еуропадан және әлемнің басқа елдерінен дипломатиялық миссиялар. Қазақстан Республикасында инвестициялық ахуалды жақсарту мақсатында бизнес пен мемлекет арасында сындарлы сұхбат жүргізу үшін тиімді алаң құру ЕВРОБАК негізгі басымдықтарының бірі.

Барынша толығырақ ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2 704 639, E-mail: press@nationalbank.kz (www.nationalbank.kz)